

"Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қантардағы № 9 бұйрығына езгерістер мен толықтырулар енгізу туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің м.а. 2012 жылғы 29 желтоқсандағы № 581 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2013 жылы 14 қантарда № 8261 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 540 және Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2016 жылғы 30 желтоқсандағы № 706 бірлескен бұйрығымен

**Ескерту. Күші жойылды – ҚР Ұлттық экономика министрінің 30.12.2016 № 540 және ҚР Қаржы министрінің 30.12.2016 № 706 бірлескен бұйрығымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).**

### **БҰЙЫРАМЫН:**

"Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін және Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі ақша қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2012 жылғы 10 қантардағы № 9 бұйрығына ( Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 17 қантарда № 7381 тіркелген, № 70 (2078) Заң газетінде 2012 жылғы 17 мамырда жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқарудың тиімділігін бағалау әдістемесінде:

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"Тиімділікті бағалау жүргізу үшін мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бағаланатын кезеңге ұсынымдар мен қаулылар негізінде бақылау нәтижелері туралы ақпаратты бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті органға және облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың әкімдіктеріне береді.";

10-тармақта:

2), 3) және 4) тармақшалар мынадай редакцияда жазылсын:

"2) "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" критерийі бойынша:

тексеру жүргізілген (мемлекеттік органдардың ішкі бақылау қызметтерінен басқа) мемлекеттік қаржылық бақылау органы;

есепті кезеңдегі тексерулер саны;

бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемі;

есепті кезеңдегі анықталған бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтар, оның ішінде:

бюджетке қаражаттың түсін көзінде (кіріс бөлігі);

мемлекеттің бюджет қаражаты мен активтерін пайдалану көзінде;

бухгалтерлік есеп пен қаржылық есептілікті жүргізу көзінде;

бюджеттік рәсімдер мен мемлекеттік сатып алу туралы рәсімдердің белгіленген мерзімдерінің, орындау тәртібінің сақталмауы.

Одан әрі есепті кезеңдегі бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемінен бұзушылықтардың үлесі келтіріледі.

Мемлекеттік органды анықталған бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың жалпы сомасы қаржылық бақылау органдары анықтаған бұзушылықтарды қосу жолымен айқындалады.

Бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының көлемі қаржылық бақылау органдары бақылаумен қамтыған қаражат көлемдерін қосу жолымен айқындалады;

3) "Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ұсынымдар мен қаулыларды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" китерийі бойынша мыналар көрсетіледі:

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының көлемі;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының жалпы көлеміне белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасы;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен бюджетке

қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі;

қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ұсынымдары мен қаулыларының жалпы санына қарағанда толық және белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларының саны көрсетіледі;

4) "Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің жұмысы" критерийі бойынша:

ішкі бақылау қызметінің функцияларын бақылау іс-шаралар жоспарымен қамту;

ішкі бақылау қызметтерінің жұмысында басқару тәуекелдері жүйесін қолдану;

ішкі бақылау қызметін тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау;

мемлекеттік органның бюджет қаражатының жалпы көлемінен ИБҚ бақылауымен қамтылған бюджет қаражатының үлесі;

ішкі бақылау қызметінің мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейтін қорытындылары көрсетіледі.";

6) тармақша мынадай редакцияда жазылсын:

"6) "Бюджетті атқару жөніндегі ұйымдастыру шаралары" критерийі бойынша:

мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары тармақтарының жалпы санына қарағанда мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалған тармақтары санының үлесі;

мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының жалпы көлеміне қарағанда мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының орындалған тармақтарының бюджеттік қаражаты көлемінің үлесі;

бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы немесе болуы және бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын ұлғайту себептері;

объектілерді белгіленген мерзімде беру (іске қосу) есепті кезеңде пайдалануға беру жоспарланған объектілердің саны және беру (іске қосу) көзделген бюджеттік бағдарламалардың саны көрсетіледі. Уақтылы пайдалануға берілмеген объектілер бойынша объектілердің жалпы санына қарағанда уақтылы пайдалануға берілмеген объектілердің үлесі келтіріледі, сондай-ақ пайдалануға берудің кешігу себептері көрсетіледі";

13-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"13. Республикалық бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің бюджеттік бағдарламалары/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органдарының тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік даму

бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының атқарылу пайызы тиісті қаржы жылына арналып бөлінген бюджет қаражатының игерілуі деп түсіндіріледі.

Осы критерий бойынша бағалау жүргізу кезінде бюджеттік бағдарламаны бөлуге әкімшілік ететін мемлекеттік органының қаржыландырудың жиынтық жоспарынан бөлінетін бюджеттік бағдарламаның бөлінбegen сомасы бір жылға алынып тастайды.";

5-тaraу мынадай редакцияда жазылсын:

**"5. "Ішкі бақылау қызметтері енгізген ұсынымдары мен қаулыларды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" критерийі бойынша бағалау**

19. "Бюджет қаражатының жалпы көлеміне ішкі бақылау қызметтерімен тексерілген бюджет қаражатының көлемі" критерийі бойынша бағалау:

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алу бойынша көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасының көлемін;

мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алу бойынша көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағанда белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемін;

қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ұсынымдары мен қаулыларының жалпы санына қарағанда толық және белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларының саны көрсетіледі.

20. Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулылары акпарат көзі болып табылады.

21. Баға Әдістемеге 7-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес қойылады.";

6-тaraу мынадай редакцияда жазылсын:

## "6. "Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің жұмысы" критерийі бойынша бағалау

22. "Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің жұмысы" критерийі бойынша бағалау Әдістемеге 7-қосымшада көрсетілген мәндерге сәйкес көрсеткіштерді анықтау жолымен қойылады.

23. "Ішкі бақылау қызметінің функцияларын бақылау іс-шаралар жоспарымен қамту" көрсеткіші есепті кезенде бағалау жүргізіліп отырған мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің бақылау іс-шаралар жоспарымен көзделген тиісті іс-шаралармен ішкі бақылау қызметінің негізгі функцияларын қамту дәрежесін сипаттайды.

23-1. Осы критерий шеңберінде:

мемлекеттік органды, оның аумақтық бөлімшелерінде және ведомстволық бағынысты ұйымдарында басқару жүйесінің жұмыс істеуіне бағалау;

Қазақстан Республикасының бюджет және де заңнамасын мемлекеттік органның сақтауына тексеру;

мемлекеттік органның стратегиялық және операциялық жоспарларының іске асырылуына бақылау, нәтижелерін бағалау;

мемлекеттік органның есепке алуды және есептілікті дәйекті және дұрыс жүргізуіне бақылау;

бақылау объектілеріне жіберілетін ұсыныстар мен бақылау нәтижелерінің қорытындылары бойынша қабылданған шешімдердің орындалуына бақылау бағалауға жататын ішкі бақылау қызметінің негізгі функциялары болып табылады.

23-2. Көрсеткішті есептеу мынадай формула бойынша жүзеге асырылады:

$$A = \frac{\sum_{b=1}^E Z_b}{E} \times 100\%$$

мұнда:

A – ішкі бақылау қызметінің функцияларын бақылау іс-шаралар жоспарымен қамту;

Z<sub>b</sub> – әрбір бағаланатын функцияның іс-шаралармен қамтылу коэффициенті (b);

E – ішкі бақылау қызметінің бағаланатын функцияларының жалпы саны.

Бұл ретте Z<sub>b</sub> = 1, егер жоспармен көзделген іс-шаралар бағаланатын функцияға толығымен сәйкес келсе (b); Z<sub>b</sub> = 0,5, егер жоспармен көзделген іс-шаралар бағаланатын функцияға ішінша сәйкес келсе және Z<sub>b</sub> = 0, егер есепті

кезенде ішкі бақылау қызметі бағаланатын функцияға сәйкес бір де бір іс-шара жоспарламаса.

24. "Ішкі бақылау қызметінде тәуекелдерді басқару жүйесін қолдану" көрсеткіші тәуекелдер негізінде әзірленген ішкі бақылау қызметінің іс-шараларының болуын анықтайды.

Көрсеткіш есебі бағаланатын мемлекеттік органның тәуекелдерді ескере отырып әзірленген іс-шараларының болуы/болмауы мәніне есепті кезенде бақылау іс-шараларының жоспарын талдау жолымен жүзеге асырылады.

24-1. "Ішкі бақылау қызметіне тексеру жүргізу нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау" көрсеткіші орындалуы есепті кезенде көзделген ұсынымдардың жалпы санына ішкі бақылау қызметтерінің тексерулерінің нәтижелері бойынша мемлекеттік органның басшысы қабылдаған мемлекеттік органның бөлімшелері мен ведомстволық бағынысты ұйымдарының белгіленген мерзімде және толығымен орындаған ұсынымдары санының ара қатынасы ретінде есептеледі.

24-2. "Мемлекеттік органның бюджет қаражатының жалпы көлемінен ішкі бақылау қызметінің бақылауымен қамтылған бюджет қаражатының үлесі" көрсеткіші есепті кезенде ішкі бақылау қызметтерінің тексерулерімен қамтылған бюджет қаражаты көлемінің республикалық бюджеттік бағдарламалар/облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың жергілікті атқарушы органының даму бюджеттік бағдарламасы әкімшісінің тиісті қаржы жылына бөлінген бюджет қаражатының жалпы сомасына қатынасы ретінде есептеледі.

24-3. "Ішкі бақылау қызметі қорытындыларының мемлекеттік қаржылық бақылау қызметінің стандарттарына сәйкес келмейтін үлес" көрсеткіші есепті кезенде жүргізілген бақылау нәтижелері бойынша ішкі қызметпен жасалған қорытындылардың жалпы санына мемлекеттік қаржылық бақылаудың стандарттарына сәйкес келмейтін ішкі бақылау қызметі қорытындыларының саны ретінде есептеледі.

24-4. Есепті кезенде бағаланатын мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің бақылау іс-шараларының жоспары, ішкі бақылау қорытындылары бойынша қорытындылар, ішкі бақылау нәтижелері туралы есептер ақпарат көздері болып табылады.";

27-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"27. Есепті қаржы жылына арналған республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңы, облыстың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың бюджеті туралы мәслихаттың шешімі, республикалық бюджет туралы Қазақстан Республикасының Заңын және жергілікті бюджеттер туралы мәслихаттардың шешімдерін іске асыру туралы Қазақстан Республикасы Үкіметінің және жергілікті атқарушы органдардың қаулылары және мемлекеттік

мекемелердің бюджеттік бағдарламалар әкімшілерінің міндеттемелері мен төлемдері бойынша қаржыландыру жоспарлары, республикалық және жергілікті бюджеттерді орындау туралы талдамалы есеп, жылдың қорытындылары бойынша облыс, республикалық маңызы бар қала, астана бюджетінің атқарылуы туралы есеп ақпарат көзі болып табылады.";

31-тармақ алғыншын тасталсын;

48-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"48. "Бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" критерийі бойынша бағалау бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижеге қол жеткізу пайызын тиісті қаржылық жылға бөлінген қаражатты іс жүзінде игерілуінің пайызына бөлу жолымен жүзеге асырылады.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігі былай анықталады:

Эф б/б = % ПР / % ОС x 100%

мұнда, Эф б/б – бюджеттік бағдарламаны орындау тиімділігі;

% ПР – тікелей нәтижеге қол жеткізу пайызы;

% ОС – бюджет қаражатын игеру пайызы.

Бюджеттік бағдарламаны орындаудың тиімділігін бағалау Әдіstemеге 7-косьымшада көрсетілген мәндерге сәйкес айқындалады.

Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижесіне 90,1%-дан кем қол жеткізілген болса, онда бюджеттік бағдарламаның тиімділігі "0 пайызға" тең болады.

Бюджеттік бағдарламалар әкімшісі бойынша барлық бюджеттік бағдарламалар бойынша тиісті балл берілетін тиімділіктің орташа баллы әрбір бюджеттік бағдарлама бойынша баллдарды қосу және алынған соманы бюджеттік бағдарламаның жалпы санына бөлу жолымен айқындалады.

Жергілікті атқарушы органдар бойынша осы критерий бойынша бағалау жергілікті бюджеттік бағдарламалардың барлық әкімшілері бойынша бюджеттік даму бағдарламаларды орындаудың тиісті балл берілетін тиімділігі критерийінің орташа баллы түрінде айқындалады.";

15-тарау мынадай редакцияда жазылсын:

## **"15. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражатын басқару тиімділігін қорытынды бағалау**

54. Орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдардың бюджет қаражатын басқару тиімділігін қорытынды бағалау барлық критерийлер бойынша баллдарды қосумен және алынған мәнді түзету коэффициентіне көбейтумен айқындалады.

Қорытынды бағана есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$Q = T * P$$

мұнда,

Q – бағаланатын мемлекеттік органды бағалаудың қорытындысы;

T – барлық критерийлер бойынша алынған баллдардың қосындысы;

P – түзету коэффициенті.

54-1. Алынған тиімділіктің қорытынды бағасының мәні 100-ден артық болған жағдайда қорытынды баға 100 баллға тең болып алынады.

54-2. Түзету коэффициенті – басқа бағаланатын мемлекеттік органдармен салыстырғанда бюджет қаражатын басқару бойынша артық жүктемесі бар мемлекеттік органның қорытынды бағасын түзету мақсатында есептелетін көрсеткіш.

54-3. Түзету коэффициенті "жүктеме индексі" көрсеткішімен өлшенетін, бағаланатын мемлекеттік органның жүктемелік деңгейінің негізінде айқындалады.

54-4. Жүктеме индексі орта деңгейден артық мемлекеттік органдар үшін түзету коэффициенті 1,01-ден 1,10-ға дейінгі интервалындағы (қалыпты қадаммен) мәнді қабылдайды - осы мемлекеттік органдардың арасында аз жүктелгендерден көбіне қарай тең бөлінеді. Жүктемесі ең көп мемлекеттік мекемеге қолданылатын түзету коэффициентінің барынша көп мәні 1,10 құрайды .

54-5. Жүктеме индексі орта деңгейден төмен мемлекеттік органдар үшін түзету коэффициенті 1 тең болып қабылданады.

54-6. Жүктеменің орташа деңгейі орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар үшін жеке айқындалады және бағаланатын орталық мемлекеттік/жергілікті атқарушы органдардың жүктеме индексінің орташа арифметикалық ретінде есептеледі.

54-7. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі үшін жүктеме индексін есептеу мүмкін еместігіне байланысты түзету коэффициенті 1 тең болып қабылданады.

54-8. Түзету коэффициентін бюджетті атқару жөніндегі орталық уәкілетті орган бағаланатын мемлекеттік орган үшін жеке есептейді. Мемлекеттік органдардың түзету коэффициенттерінің барынша көп және барынша аз мәндерін айқындау орталық мемлекеттік және жергілікті атқарушы органдар үшін жеке жүргізіледі.

54-9. Жүктеме индексі – бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік органға арналған жүктеменің деңгейін айқындастын құрамдас көрсеткіш.

Жүктеме индексі мынадай көрсеткіштердің негізінде есептеледі:

Мемлекеттік органның бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражатының көлемі (есепті кезеңдегі түзетілген бюджет) мың теңге;

Бағаланатын мемлекеттік органның тиісті қаржы жылына арналған бағаланатын бюджеттік бағдарламаларының саны, бірлік.

54-10. Жұктеме индексін есептеу осы Әдістеменің 54-9-тармағында көрсетілген сызықтық масштабтау әдісімен салыстырмалы түрге келтірілген көрсеткіштерді қайта көбейту жолымен жүзеге асырылады.

54-11. Жеке мемлекеттік орган үшін жұктеме индексін есептеу мына формула бойынша жүзеге асырылады:

$$S_i = b_i \times c_i$$

мұнда,

$S_i$

– жеке мемлекеттік органның жұктеме индексі (i);

$b_i$

– салыстырмалы түрге келтірілген, мемлекеттік органдардың бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты көлемінің көрсеткіші (i);

$c_i$

– салыстырмалы түрге келтірілген, бағаланатын мемлекеттік органның бағаланатын бюджеттік бағдарламалары санының көрсеткіші (i).

54-12. Салыстырмалы түрге келтірілген, мемлекеттік органдардың бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты көлемінің көрсеткішін есептеу мына формула бойынша есептеледі:

$$b_i = \frac{R_i - R_{min}}{R_{max} - R_{min}}$$

мұнда,

$R_i$  –

мемлекеттік органдардың бағаланатын бюджеттік бағдарламалары бойынша бюджет қаражаты көлемінің көрсеткіші (i);

$R_{min}$  –

бағаланатын мемлекеттік органдардың арасында бағаланатын бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражаты көлемі көрсеткішінің ең аз мәні;

$R_{\max}$  –

бағаланатын мемлекеттік органдардың арасында бағаланатын бюджеттік бағдарламалар бойынша бюджет қаражаты көлемі көрсеткішінің ең көп мәні.

54-13. Салыстырмалы түрге келтірілген, бағаланатын мемлекеттік органның тиісті қаржы жылына арналған бағаланатын бюджеттік бағдарламалар санының көрсеткішін есептеу мына формула бойынша есептеледі:

$$c_i = \frac{K_i - K_{min}}{K_{max} - K_{min}}$$

мұнда,

$K_i$  –

бағаланатын мемлекеттік органның тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар санының көрсеткіші ( $i$ );

$K_{min}$  –

бағаланатын мемлекеттік органның тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар саны көрсеткішінің ең аз мәні;

$K_{max}$  –

бағаланатын мемлекеттік органдардың арасында тиісті қаржы жылына арналған бюджеттік бағдарламалар саны көрсеткішінің ең көп мәні.";

17-бөлім алып тасталсын;

мынадай мазмұндағы 18, 19 және 20-бөлімдермен толықтырылсын:

## **"18. Қайта ұйымдастырылған және таратылған мемлекеттік органдарды бағалау жүргізу тәртібі**

64. Бағаланатын мемлекеттік орган қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда бағаланатын жылдың бірінші жартышылдығында осы органды бағалау мемлекеттік органды - құқық мирасқорын бағалау шенберінде жүзеге асырылады және мемлекеттік орган – құқық мирасқорын бағалаудың қорытынды баллын есептеу кезінде ескеріледі.

65. Бағаланатын мемлекеттік орган бағаланатын жылдың екінші жартышылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайда осы органды бағалау жүзеге асырылмайды.

66. Бағаланатын жылдың екінші жартышылдығында қайта ұйымдастырылған немесе таратылған мемлекеттік органның қызметін талдау мемлекеттік органды -

құқық мирасқорын бағалау шенберінде ескеріледі, ұсынымдар ретінде пайдаланылады және мемлекеттік органның - құқық мирасқорының қорытынды балына енгізілмейді.

## **19. Бағалау нәтижелерін қайта шағымдану рәсімі**

67. Бағалау нәтижелерін алған күннен бастап бағаланатын орган бағалау нәтижелерімен келіспеген жағдайда, бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға растайтын құжаттармен наразылық жіберуге құқылы.

68. Бағалау нәтижелеріне наразылық болмаған жағдайда бағаланатын мемлекеттік орган бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға тиісті хабарлама ұсынуға міндettі. Белгіленген мерзім өткеннен кейін бағаланатын мемлекеттік органдардың наразылықтары қабылданбайды.

69. Қайта шағымдану рәсімін жүргізу үшін ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік органды Арнайы комиссия құрылады, оның құрамына наразылықтарын ұсынған мемлекеттік органдарды бағалауға қатысқан қызметкерлер кіруі мүмкін. Арнайы комиссияның саны мен құрамын ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган дербес айқындейды, бірақ бес адамнан кем болмауы тиіс.

70. Бағаланатын мемлекеттік органдардан растайтын құжаттары бар наразылықты алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган Әдістеменің 8-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Бюджет қаражатын басқару қызметінің тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушілік кестесін (бұдан әрі - Келіспеушілік кестесі) қалыптастырады және Арнайы комиссияның қарауына енгізеді.

71. Арнайы комиссия наразылықтарды қарау және бағалау нәтижелерінің объективтілігін айқындау бойынша отырыстар өткізеді, оған наразылық берген бағаланатын мемлекеттік органдардың өкілдері, сондай-ақ мұдделі салалық орталық мемлекеттік органдардың өкілдері шақырылады.

72. Арнайы комиссия отырыстарының және наразылықтарды қарау қорытындысы туралы алқа шешімінің қабылдануы нәтижелері бойынша Келіспеушілік кестесі пысықталады және Арнайы комиссияның төрағасы және бағаланатын мемлекеттік органның өкілі қол қояды.

73. Бағаланатын мемлекеттік органдардан растайтын құжаттары бар наразылықты алған күннен бастап күнтізбелік он бес күн ішінде Арнайы комиссияның қайта тексеруінің нәтижелері бойынша бағалауға уәкілетті мемлекеттік орган Сарапшылық комиссиясының жұмыс органына және бағаланатын мемлекеттік органдарға наразылықты қабылдайтыны не қабылдамайтыны туралы негізделген қорытындыны жібереді. Наразылықтар

қабылданған жағдайда сонымен бірге бюджет қаражатын басқару жөніндегі мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы түзетілген қорытынды жіберіледі.

## **20. Мемлекеттік органдардың толық емес және сапасыз ақпарат ұсынуы**

74. Бағаланатын мемлекеттік орган бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға Әдістеменің 1, 2, 3, 4, 5-қосымшаларға сәйкес толық және дәйекті ақпаратты Бағалау жүргізу кестесінде белгіленген мерзімде ұсынады.

75. Уақтылы емес, толық емес және дәйексіз есептік ақпарат ұсынылған жағдайда мемлекеттік органның қорытынды бағасынан осы бағыт бойынша айыппұл баллдары шегеріледі.

76. Бағалауға уәкілетті мемлекеттік органға Бағалау жүргізу кестесінде көзделген мерзімнен кеш ұсынылған есептік ақпарат уақтылы емес деп танылады .

Мемлекеттік органның уақытылы емес есепті ақпарат ұсынғаны үшін 1 айыппұл баллы көзделген.

77. Есепті ақпараттың құрылымына белгіленген талаптарда көзделген элементтері (қосымшалар, бөлімдер, тараулар, кестелер, көрсеткіштердің мәндері және т.б.) жоқ есепті ақпарат Әдістемеге қосымшаларға сәйкес толық емес деп танылады.

Мемлекеттік органның толық емес есепті ақпарат ұсынғаны үшін 1 айыппұл балын шегеру көзделген.

78. Қайта тексеру барысында дұрысқа сәйкес келмейтін фактілер анықталған есепті ақпарат дәйексіз деп танылады.

Мемлекеттік органның дәйексіз есепті ақпарат ұсынғаны үшін 1 айыппұл баллы көзделген.

79. Уақтылы емес, толық емес, дұрысқа сәйкес келмейтін ақпараттардың фактілері бағаланатын мемлекеттік органдардың есепті ақпаратында қамтылған деректерді қайта тексеру қорытындысы бойынша жасалатын Әдістеменің 9-қосымшасына сәйкес нысан бойынша салыстыру актісінде тіркелуі тиіс.

80. Анықталған фактілер бойынша ақпарат Мемлекеттік органның қызметінің тиімділігін бағалаудың нәтижелері туралы қорытындының "Қорытындылар мен ұсынымдар" бөлімінде көрсетіледі.";

1-қосымшасы осы бұйрыққа 1-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;  
6-қосымшада:

3 және 4-критерийлер мынадай редакцияда жазылсын:

"

3 Енгізілген мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларын орындау . бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар

";

6 "Бюджетті атқару жөніндегі ұйымдастыру шаралары" критерийі бойынша:

"Бюджеттік бағдарламаларды іске асыру үшін қажет мемлекеттік органдардың құзыретіне кіретін нормативтік және/немесе құқықтық актілерді уақытылы қабылдау" деген жол алынып тасталсын;

"Орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның қызметінің тиімділігін бағалау критерийлері бойынша талдау" бөлімінде 3 және 4-жолдар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Енгізілген мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларын орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" деген критерий бойынша";

4. "Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің қызметі" деген критерий бойынша";

7-қосымшасы осы бұйрыққа 2-қосымшага сәйкес жаңа редакцияда жазылсын;

осы бұйрыққа 3 және 4-қосымшаларға сәйкес 8 және 9-қосымшалармен толықтырылсын.

2. Бюджеттік рәсімдер әдіснамасы департаменті (А.Н. Қалиева) осы бұйрықтың Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық оның Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күнінен бастап қолданысқа енгізіледі және ресми жариялануға жатады.

Қазақстан Республикасының

Қаржы министрінің м.а.

Б. Шолпанқұлов

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 581 бұйрығына

1-қосымша

Мемлекеттік органның бюджет

қаражатын басқарудың

тиімділігін бағалау әдістемесіне

1-қосымша

**Мемлекеттік органның бюджет қаражатын басқару тиімділігін бағалау жөніндегі есептілік**

---

(мемлекеттік органның атауы)

p/ с №		Нақты орындалуы
1	Бағалау критерийлері	
1. 2		3
1.	"Тиісті қаржы жылына бөлінген қаражатты игеру" критерийі	
2.	"Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бұзушылықтардың болмауы" критерийі	
	Бұзушылықтардың болмауы	
	Есепті кезеңде қаржылық бақылау органдарының тексерулер жүргізбеуі	
	Бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемінен бұзушылықтардың болуы	
3.	"Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ұсынымдар мен қаулыларды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар" критерийі	
	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының көлемі;	
	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасының жалпы көлеміне белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі;	
	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасы;	
	мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдары мен қаулыларына сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасының көлемі;	
	қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін қоспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ұсынымдары мен қаулыларының жалпы санына қарағанда толық және белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларының саны көрсетіледі	
4.	"Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің жұмысы" критерийі	
	Ішкі бақылау қызметтерінің функцияларын бақылау іс-шаралар жоспарымен қамту	
	Ішкі бақылау қызметтерінің жұмысында басқару тәуекелдері жүйесін қолдану	
	Мемлекеттік органның бюджет қаражатының жалпы көлемінен ІБҚ бақылауымен қамтылған бюджет қаражатының үлесі	
	Ішкі бақылау қызметін тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау	
	Ішкі бақылау қызметінің мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейтін қорытындылары көрсетіледі	
5.	"Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қайта бөлінген қаражатының көлемі" критерийі	
	Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қайта бөлінген қаражатының үлесі	
6.	"Бюджетті атқару жөніндегі ұйымдастыру шаралары" критерийі	
	Мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары тармактарының жалпы санына қарағанда мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалған тармактарының санының үлесі	

	Мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарының жалпы көлеміне қарағанда мемлекеттік сатып алушың жылдық жоспарының орындалған тармақтарының бюджеттік қаражаты көлемінің үлесі	
	Уақтылы	
	Мерзімін бұза отырып	
	Бюджеттік инвестициялық жобаның сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы	
	Болмауы	
	Бюджеттік инвестициялық жобалардың құжаттамасының сметалық құнын ұлғайту	
	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде бюджеттік инвестициялар жобасының болмауы	
	Объектілерді белгіленген мерзімде беру (іске қосу)	
	Уақтылы	
	Объектіні тапсырылуы (енгізілуі) көзделмеген	
	Есептілік кезеңінде пайдалануға тапсырылуы жоспарланып отырған объектілердің жалпы санына қарағанда уақтылы пайдалануға енгізілмеген объектілердің үлесі	
7.	"Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу" критерийі	
	Қол жеткізілген көрсеткіштердің жоспардағымен салыстыру жолымен сандық көрсеткіштерді орындау	
8.	"Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелерінің серпіні" критерийі	
	Ең көп баллға қол жеткізу (100%)	
	Көрсеткіштердің өсу жағына	
	Көрсеткіштердің азаю жағына немесе бірдей баллдар алу	
9.	"Бюджеттік бағдарламалардың нәтижелігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы" критерийі	
	Бюджеттік бағдарламада саны жағынан өлшенетін және бағалауға жататын болып табылатын тиімділік көрсеткіштерінің болуы	
	Бюджеттік бағдарламада тиімділік көрсеткіштерінің бірінің болмауы не тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін немесе түпкі нәтижелері бар тікелей нәтижелерді қайталайтын сандық сипатының орнына іс-шаралардың болуы	
10.	"Бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі" критерийі	
	Бағалау бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижеге қол жеткізу пайзызын тиісті қаржылық жылға бөлінген қаражатты іс жүзінде игерілуінің пайзызына бөлу	
11.	"Дебиторлық берешектің болмауы" критерийі	
	Болмауы	
	Дебиторлық берешектің болуы	
	Ұзақ мерзімді халықаралық бағдарламалар бойынша дебиторлық берешектің болуы	
	Дебиторлық берешектің өзгеруі:	
	азаю жағына қарай	
	ұлғаю жағына қарай	
12.	"Кредиторлық берешектің болмауы" критерийі	
	Болмауы	
	Кредиторлық берешектің болуы	
	Ұзақ мерзімді халықаралық бағдарламалар бойынша кредиторлық берешектің болуы	

Кредиторлық берешектің жыл ішіндегі өзгеруі:	
азаю жағына қарай	
ұлғаю жағына қарай	

Орталық мемлекеттік органның  
басшысы/облыстың, республикалық  
маңызы бар қаланың, астананың \_\_\_\_\_  
әкімі (қолы) (таратып жазу)

Қазақстан Республикасы  
Қаржы министрінің  
2012 жылғы 29 желтоқсандағы  
№ 581 бұйрығына  
2-қосымша  
Мемлекеттік органның бюджет  
каражатын басқарудың тиімділігін  
бағалау әдістемесіне  
7-қосымша

## Критерийлер мен көрсеткіштердің баллдары

p/c №	Критерийдің/көрсеткіштің атауы	балл
1	Тиісті қаржы жылына бөлінген қаражатты игеру – 12 балл	
	99,6 – 100 %	12
	99,1 – 99,5 %	10
	98,6 – 99,0 %	8
	98,1 – 98,5 %	7
	97,6 – 98,0 %	6
	97,1 – 97,5 %	5
	96,6 – 97,0 %	4
	96,1 – 96,5 %	3
	95,6 – 96,0 %	2
	95,1 – 95,5 %	1
	95,0 % және одан кем	0
2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының тексеру қорытындылары бойынша бюджеттік және өзге заңнаманы бүзушылықтардың болмауы – 7 балл	
	Бүзушылықтардың болмауы	7
	Есенті кезеңде қаржылық бақылау органдарының тексерулер жүргізбеуді	4
	Бақылаумен қамтылған бюджет қаражатының жалпы көлемінен бүзушылықтардың болуы	
	5%-ға дейін	6
	5,0 – 9,9%	5
	10,0 – 14,9%	4
	15,0 – 19,9%	3
	20,0 – 24,9%	2

	25,0 – 29,9%	1
	30% астам	0
3	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ұсынымдар мен қаулыларды орындау бойынша қабылданған (іске асырылған) шаралар – 9 балл	
	Есепті кезеңде тексеру жүргізілмеудің байланысты мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларының болмауы	4
3.1	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдар мен қаулыларға сәйкес бюджетке қайтарылуға жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде бюджетке қайтарылған бұзушылықтар сомасының көлемі	3
	100% немесе бюджетке қайтарылатын сома жоқ	3
	70,0 – 99,9%	2
	35,0 – 69,9%	1
	34,9%-ға дейін	0
3.2	Мемлекеттік қаржылық бақылау органдары бақылау нәтижелері бойынша енгізген ұсынымдар мен қаулыларға сәйкес жұмыстарды орындау, қызметтер көрсету, тауарлар жеткізу және/немесе есепке алуда көрсету жолымен бюджетке қалпына келтіруге жататын бұзушылықтар сомасына қарағандағы белгіленген мерзімде қалпына келтірілген бұзушылықтар сомасының көлемі	3
	100% немесе бюджетке қалпына келтірілетін сома жоқ	3
	70,0 – 99,9%	2
	35,0 – 69,9%	1
	34,9%-ға дейін	0
3.3	Қайтарылған және қалпына келтірілген сомалардың көлемін коспағанда, есепті кезеңдегі мемлекеттік қаржылық бақылау органдары енгізген ден қою актілерінің жалпы санына қарағанда толық және белгіленген мерзімде орындалған мемлекеттік қаржылық бақылау органдарының ұсынымдары мен қаулыларының саны	3
	100% немесе бюджетке енгізілген ден қою актісі жоқ	3
	70,0 – 99,9%	2
	35,0 – 69,9%	1
	34,9%-ға дейін	0
4	Мемлекеттік органның ішкі бақылау қызметінің қызметі – 8 балл	
4.1	Ішкі бақылау қызметінің функцияларын бақылау іс-шаралар жоспарымен қамту	2
	90,0 – 100 %	2
	80,0 – 89,9 %	1
	70,0 – 79,9 %	0,5
	70 %-ға дейін	0
4.2	Ішкі бақылау қызметтерінің жұмысында басқару тәуекелдері жүйесін қолдану	2
	Тәуекелдер негізінде әзірленген іс-шаралардың болуы	2
	Тәуекелдер негізінде әзірленген іс-шаралардың болмауы	0
4.3	Ішкі бақылау қызметін тексеру нәтижелері бойынша ұсынымдарды орындау	2
	100 %	2
	70,0 – 99,9 %	1
	35,0 - 69,9 %	0,5
	34,9 %-ға дейін	0

	4.4 Мемлекеттік органның бюджет қаражатының жалпы көлемінен ішкі бақылау қызметі бақылауымен қамтылған бюджет қаражатының үлесі	1
	10%-дан астам	1
	7 - 9,9	0,5
	7%-дан кем	0
4.5	Ішкі бақылау қызметі қорытындыларының мемлекеттік қаржылық бақылау стандарттарына сәйкес келмейтін үлесі	1
	5 %-дан кем	1
	5 - 10 %	0,5
	10%-дан астам	0
5	Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қайта бөлінген қаражатының көлемі – 4 балл	
	Шығыстардың бекітілген көлеміне бюджеттік бағдарламалар әкімшісінің қайта бөлінген қаражатының үлесі	
	15%-дан кем	4
	15,0 – 16,3%	3
	16,4 – 17,7%	2
	17,8 – 19,1%	1
	19,2%-дан астам	0
6	Бюджетті атқару жөніндегі ұйымдастыру шаралары - 14 балл	
6.1	Мемлекеттік сатып алу жылдық жоспары тармақтарының жалпы санына қарағанда мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалған тармақтары санының үлесі	3
	95 – 100%	3
	90 – 94 %	2
	50 – 89%	1
	0 - 49%	0
6.2	Мемлекеттік сатып алудың жылдық жоспарының жалпы көлеміне қарағанда мемлекеттік сатып алу жоспарының орындалған тармақтарындағы бюджет қаражаты көлемінің үлесі	3
	95 – 100%	3
	90 – 94%	2
	50 – 89%	1
	0 – 49%	0
6.3	Бюджеттік инвестициялық жобалардың сметалық құнын ұлғайту фактілерінің болмауы	4
	Бюджеттік инвестициялық жобалардың құжаттамасының сметалық құнын ұлғайту пайызы	
	1 - 13%	3
	14 - 26%	2
	27 - 39%	1
	40%-дан астам	0
	Бюджеттік бағдарламалар әкімшісінде бюджеттік инвестициялық жобалардың болмауы	2
6.4	Объектілерді белгіленген мерзімде тапсыру (іске қосу)	4
	Уақтылы	4
	Объектіні тапсыру (енгізу) көзделмеген	2

	Есепті кезеңде пайдалануға тапсырылуы жоспарланып отырған объектілердің жалпы санына қарағанда пайдалануға уақтылы енгізілмеген объектілердің үлесі	
	1 – 13%	3
	14 – 26%	2
	27 – 40%	1
	40%-дан астам	0
7	Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелеріне қол жеткізу – 18 балл	
	100%	18
	99,9 – 99,3%	16
	99,2 – 98,6%	14
	98,5 – 97,9%	12
	97,8 – 97,2%	11
	97,1 – 96,5%	10
	96,4 – 95,8%	9
	95,7 – 95,1%	8
	95,0 – 94,4%	7
	94,3 – 93,7%	6
	93,6 – 93,0%	5
	92,9 – 92,3%	4
	92,2 - 91,6%	3
	91,5 – 90,9%	2
	90,8 – 90,2%	1
	90,1% және одан кем	0
8	Бюджеттік бағдарламаның тікелей нәтижелерінің серпіні – 3 балл	
	Барынша жоғары баллға қол жеткізу (100%)	3
	Көрсеткіштердің өсу жағына	2
	Көрсеткіштердің азаю жағына немесе бірдей баллдар алу	0
9	Бюджеттік бағдарламалардың нәтижелілігінің көрсеткіштерін жоспарлау сапасы – 3 балл	
	Бюджеттік бағдарламада саны жағынан өлшенетін және бағалауға жататын болып табылатын тиімділік көрсеткіштерінің болуы	3
	Бюджеттік бағдарламада тиімділік көрсеткіштерінің бірінің болмауы не тікелей нәтижеге қол жеткізуді бағалауға мүмкіндік бермейтін немесе түпкі нәтижелері бар тікелей нәтижелерді қайталайтын сандық сипатының орнына іс-шаралардың болуы	0
10	Бюджеттік бағдарламаларды орындаудың тиімділігі - 16 балл	
	99 – 100%	16
	97,9 – 98,9%	14
	96,8 – 97,8%	12
	95,7 – 96,7%	10
	94,6 – 95,6%	8
	93,5 – 94,5%	6
	92,4 – 93,4%	4
	91,3 – 92,3%	2

	91,2% және одан кем	0
11	Дебиторлық берешектің болмауы – 3 балл	
	Болмауы	3
	Дебиторлық берешектің болуы	0
	Ұзақ мерзімді халықаралық бағдарламалар бойынша дебиторлық берешектің болуы	1
	Дебиторлық берешектің өзгерістері:	
	азаю жағына қарай	2
	ұлғаю жағына қарай	0
12	Кредиторлық берешектің болмауы – 3 балл	
	Болмауы	3
	Кредиторлық берешектің болуы	0
	Ұзақ мерзімді халықаралық бағдарламалар бойынша кредиторлық берешектің болуы	1
	Кредиторлық берешектің өзгерістері:	
	азаю жағына қарай	2
	ұлғаю жағына қарай	0

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 581 бұйрығына

3-қосымша

Мемлекеттік органның бюджет  
қаражатын басқарудың тиімділігін

бағалау әдістемесіне

8-қосымша

Нысан

## Бюджет қаражатын басқару жөніндегі қызмет тиімділігін бағалау нәтижелері бойынша келіспеушіліктер кестесі

(бағаланатын мемлекеттік орган)

p/c №	Бюджетті атқару жөніндегі үәкілдеппі органның корытындысы	Бағаланатын мемлекеттік органның қарсылығы	Шағымдану қорытындысы бойынша шешім қабылданады/ қабылданбайды	Қарсылықтың қабылданбау себебі
1	2	3	4	5
1				
2				

Шағымдануды ескере отырып жалпы балл \_\_\_\_\_ құрады

Комиссия төрағасы, лауазымы \_\_\_\_\_  
қолы қолды таратып жазу

Шағымдану қорытындысымен таныстым:

Мемлекеттік органның өкілі, лауазымы \_\_\_\_\_

қолы қолды таратып жазу

Қазақстан Республикасы

Қаржы министрінің

2012 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 581 бұйрығына

4-қосымша

Бюджет қаражатын басқарудың

тиімділігін бағалау әдістемесіне

9-қосымша

Нысан

**Есепті ақпаратта қамтылған деректерді қайта тексеру  
қорытындысы бойынша  
САЛЫСТЫРУ АКТІСІ**

---

*(орталық мемлекеттік органның/жергілікті атқарушы органның атауы)*

*(есепті кезең)*

№	Атауы	Шегерілетін баллдар
1	Есепті ақпаратты уақтылы ұсынбау	
2	Толық емес ақпаратты ұсыну	
3	Дәйексіз ақпаратты ұсыну	
БАРЛЫҒЫ:		

1. Бағалау кестесіне сәйкес мемлекеттік органның есепті ақпаратты жіберу мерзімі: 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_.

Есепті ақпаратты ұсынудың нақты күні: 20\_\_ жылғы "\_\_" \_\_\_\_  
Шегерім: \_\_\_\_ баллды құрайды.

2. Толық емес ақпарат ұсынылды, оның ішінде есепті ақпараттың құрылымында белгіленген талаптарда көзделген мынадай элементтер (қосымшалар, бөлімдер, кестелері, көрсеткіштердің мәндері және т.б.) жоқ:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

...

Шегерім: \_\_\_\_ баллды құрайды.

3. Дәйексіз ақпарат ұсынылды. Қайта тексеру барысында мынадай дұрысқа сәйкес келмейтін фактілер анықталды:

1) \_\_\_\_\_

2) \_\_\_\_\_

— ...

Шегерім: \_\_\_\_\_ баллды құрайды.  
ЖИҮНТЫҚ ШЕГЕРІМ: \_\_\_\_\_ балл.  
Уәкілетті органның өкілі,  
лауазымы \_\_\_\_\_

(күні) (қолы) (қолды таратып жазу)

Бағаланатын мемлекеттік  
органның өкілі, лауазымы \_\_\_\_\_

(күні) (қолы) (қолды таратып жазу)

© 2012. Қазақстан Республикасы Әдіlet министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК